



Әлкей МАРҒҰЛАН (1904–1985)

филология ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, этнограф, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, КСРО бүкілодақтық география қоғамының толық мүшесі

ЕҢБЕКПЕН ӨТКЕН ӨМІРІМ

БІЗДІҢ ҰЛЫ АТАМЫЗ – АТАҚТЫ ЕР ОЛЖАБАЙ

...Біздің ұлы атамыз, атақты Ер Олжабай – халыққа үлгі болған саңлақ ойшыл, кемеңгер кісі. Туған жері – Тәуке ханның тұсындағы Түркістан қаласы. Әкесі – Тәуке ханға қызмет еткен көп билердің бірі. Тарихта Толыбай деген атпен белгілі болған. Әйелі – Ұлы жүз Төле бидің туысқандарының қызы. Одан 1709 жылы Олжекең туады.

Олжекеңнің тарихта белгілі бола бастауы – «Ақтабан шұбырынды» кезі.

Жеті жыл ұдайымен жүт болып, ел аштықтан қырыла бастайды. Осы кезде құба қалмақ қазақты басып алып, 1721 жылы әкесі Толыбай қалмақтың қолынан өледі. Жетім қалған 13 жасар бала Түркістанда тұра алмай, жоңғарға бағынып отырған нағашысы Қаратайдың үйінде өсіп-өнеді. 16 жасқа толысымен Олжекең жай кісідей отырмай, жоңғарға кектене қарайды. «Жоқ, мен оларға бағынып отыра алмаймын, тау қыраны Олжабаймын» деп өзіне ат қояды. Көп қару-жарақ соқтырып, үш жүздің әскерін қасына жинап алады. Оның қасына ерген атақты ерлер Абылай, Қанжығалы қарт Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Қабанбай, Өтеген батырлар, Көкжал Барақ би, Төле би, Қазыбек би, Бұқар жырау – бәрі «бозқасқа» айтып, жоңғарға қарсы шығады. Құба қалмақты Сыр бойындағы қалалардан қуып шығып, Жоңғар тауынан асырады. Олжекең ең алдымен Ғалдан Сереннің өзімен шайқасып, әскерін қырып

әлсіретеді, оның бір баласы оққа ұшады. Ғалдан Олжабайдың мықты әскерін көріп, Олжекеңді, оның әскерін қонақ етіп, дос болуға шақырады. Көп сый тартады. Олжекең Ғалданның екі сұлу қызын – Лағба мен Лабаны алып, еліне қайтады. Лабаны өзі алып, Лағбаны Бөгенбайға тартады.

Олжекеңнің құба қалмақты екінші аяусыз қырған жері – Баянаулатауының іші. Ол жер бүгінге дейін «Қалмақ қырған тауы» деп аталады. Ғалдан Серен Абылай мен Өтеген батырды аң аулап жүргенде ұстап әкету үшін далаға он мыңдаған әскер шығарып, Қарқаралы мен Баянаула тауларын басып алып, Жасыбай көлінің түбінде Олжекеңнің атақты ері Жасыбайды өлтіреді.

Жасыбай – ол кісінің апасынан туған жиені. Алпауыт Ер Олжекең сол арада жойқын әскерімен шығып, қалмақты тегіс қырып салады. Аяулы ер Жасыбайды ұмытпау үшін далаға он мыңдаған әскер шығарып, Қарқаралы мен Баянаула тауларын басып алып, Жасыбай көлінің түбінде Олжекеңнің атақты ері Жасыбайды өлтіреді.

үшін бұрынғы Шойынкөлдi Жасыбай көлі деп атаған.

Олжекең кейін қырғын соғысты ел жаулауға шыққан қытай әскерімен жүргізеді. Бұл – қалмақтың соңғы ханы Әмірсана билеген уақыт, екі ел дос болып, Қытайдың астамшылық ісіне қарсы күш қосқан кезі (1756 ж.). Абылай мен Олжекеңнің Қытайға қарсы соғыста ұран шақырған жері – Жоңғар тауындағы «Талқы» деген қамал.

Олжекеңнің Түркістаннан Сарыарқаға келуі 1730 жылдардан басталады. Оның негізгі қонысы – Баянаула таулары, Жасыбай көлі мен Торайғыр көлінің арасы. Орманшы Сақау ақынның жырлауынша, Абылай өлген соң (1781 ж.) Олжекең Сарыарқаны қалдырып, туған жері Түркістан қаласына барып тұрмақшы болады. Сол жылы көшіп бара жатып, Ерейментаудың сыртында, күздің суық кезінде өкпесіне суық тиіп, ауырып өледі.

МАРҒҰЛАН ТӘТТІМБЕТТІҢ БІР ТУЫСҚАНЫНЫҢ ҚЫЗЫН АЛҒАН

Олжекеңнің өз туғандары төрт ағайынды: Олжабай, Орман, Қыржабай, Рысқұл. Қырғыз қызын алған Орманнан – Төбет, Төбеттен – Байжан, одан – Жаяу Мұса, одан – Салық, Тайжан. Тайжаннан – Ақтай, одан – ұзын



Ғалымның жастық шағы



Жұбайы Раушанмен. 1955 жыл

Сүлеймен, Дүмбір, Жұмабек.
Сүлейменнен – Оспан және
Омар. Омардан – ақын Олжас
Сүлейменов.

Олжекеңнің атақты балалары – Дулат, Бектен, Есенаман, Бұлан, Жалаңтөс. Бұлардың Бектеннен өзгесі қалмақ ханы Қатты Сыбанның (Цеван Рабтанның) қызынан туған. Аты – Лаба. Алатауда Лаба деген тау аты бар, сонан қалған.

Олжекеңнің Есенаман, Бұлан ұрпақтарынан тараған балалары тегіс он саусағынан өнер тамған шебер атанған.

Дулаттың кенже баласы Марғұлан – Олжекең мен Дулаттың қарашақырағына ие болған мұрагері. Жері – Қарқаралы төңірегі, Шаншар елі. Осы арада Тәттімбеттің бір туысқанының қызын алып, одан Хақан туады.

Марғұлан аңшылықты жақсы көрген. Кейін Шідертіні қоныс еткенде, бар өмірін бүркіт салу өнеріне жұмсайды. 1898 жылы Дауылбай тауында түлкіге бүркіт салып жүріп, аттан құлап қайтыс болады. Басына тұрғызған күмбез Шідерті өзенінің сол жақ жағасында, Дауылбай тауына қарсы тұр. Марғұланның балалары – Қожахмет, Рахмет, Хақан (1857-1920) және Асқар.

Хақанның балалары – Маусым (1914 жылы қайтыс болған), Әлкей, Адай, Мәди. Қыздары – Жәнипа, Мүзәлипа, Жақсипа.



Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан

ӘКЕМ МӘШҮР ЖҮСІППЕН БІРГЕ ОҚЫҒАН

Марғұланның баласы Хақан Жасыбай көліндегі қыстақта туып-өскен. Бала күнінде Баянауылдағы қазақ мектебінде оқып, арабша жақсы жаза білген. Әкем Мәшүр Жүсіппен, Біләл молдамен бірге оқыған. Бала күнімде олар біздің ауылда кездескенде, бір-бірімен шүйіркелесіп, жас кездерін еске түсіріп, әзілдесіп отыратындары есімде қалыпты. Әкем Қазаннан шыққан қазақ кітаптарын жақсы оқыды. «Айқап» журналынан болыс, ауылнайларды сынаған жерін көрсе, қадағалап оқитын. Әкемнің малы аз болса да, көзі ашық, сезімтал, тарихи оқиғаларды көп білетін кісі еді. Қоянды жәрмеңкесіне барғанда кітап алып келіп, мені қатты қуантатын. Әкем жас кезінде

Керекудегі шешек емдеуді үйрететін қазақша курста оқып, Ертіс бойындағы жұрттың балаларын емдеген. Балаларының бірде-бірінде шешек ізі қалған жоқ. Мен ауырғанда әкем бір жұма қасымда отырып қараған. Мен әкеме емес, шешем Нұрилага тартып туғанмын. Әкем сұңғақ бойлы, ұзынша, шағын қара сақалы бар, көзі үлкен, ат жақты, жазық маңдай, қоңыр сұр кісі еді. Көзі өзгеден бөлекше жарқырап тұратын болған соң, жеңгелері оған «Алақан көз» деп ат берген. Көзінен ақыл-ой сезілетін. Әкем мені бес жасымнан оқытып, арабша хат танытты. Одан кейін жеті жылдай ауылдағы қазақ мектебінде оқыдым. Қыпшақ, шағатай тілдеріндегі кітаптарды көп оқып, жақсы білім алдым. Көп әсер қалдырғаны – әсіресе Абылғазы мен Абайдың кітаптары. Ол кітаптарды әкем

жәрмеңкеден тауып әкелгенде, қатты қуанғанмын. Абайдың кітабын, ескі қыпшақ тілінде жазылған «Мұңлық – Зарлық» жырын, «Алпамыс», «Қобыланды» жырларын қойныма тығып, ауылдан екі шақырым ары тұрған биік тауға (Қисық) шығып, күні бойы жаттап отыратынмын. Кей күндері қыстау жанындағы төбе басына ауыл адамдары жиналып, мені орталарына алып, неше түрлі ғажайып кітаптарды оқытып, мазмұнына таңғалып отыратын.

Бір күні мұғалім шәкірттерді тегіс соңынан ертіп: «Анау төбенің басында жиналған адамдар тобына барайық», – деді. Ауылдың көп адамы жиналған, бәрі дөңгеленіп отыр. Ортасында ән салып, Жаяу Мұса жүгіріп жүр. Үстіне кигені – қызыл қамзол, қызыл шалбар, басында – кішкентай бөрік. Біз Жаяу Мұсаны осындай ұлы топта көріп, көп қызыққа батқан едік. Айтқан әндерінен есте қалғаны – «Ақ сиса, қызыл сиса», «Жаяу Мұса».

ТЕРЕҢ БІЛІМ АЛУ ТЕК РЕВОЛЮЦИЯДАН БЕРІ ҚАРАЙ КҮШЕЙДІ

Елдің жайлап отырған жері – «Қарсының» бұлақтары, біздің қыстаудан он шақырымдай жер, теріскейде Шідерті өзенінің сол жақ бетінде жайқалып жатқан жайлау. Осы арадан Семей мен Павлодарды Ақмолаға қосу үшін теміржол салудың жоспары сызыла бастады. Ауылға жұма сайын



Экспедиция нәтижесі.
50-жылдар

орыс инженерлері келіп, олармен жақсы танысып, дос бола бастадым. Олардың бірі Екатеринбургдан, мені «орысша оқып жетілсін» деген оймен өзінің жұмыскерлер қатарына қосып, Ірбіт қаласының түбінде салынып жатқан теміржолға дрезинашы етіп қойды. Мен онда екі ай жұмыс істеп, орысша сөйлей бастадым. Тамыздың аяғында инженер мені қасына ертіп, Екатеринбургға алып барды. Гимназияға түсуге дайындайтын бір оқу орнына түсірмекші болды. Бірақ ол жылдар – Бірінші империалистік соғыстың күшейген уақыты, қалада тамақ аз, қалтамдағы ақша көп емес, 15 жастамын, «аштан өліп қалармын» деп елге қайтып келдім. Бұрынғыша ауылдағы орыс мектебінде оқи бердім. Орыс мектебінде оқығаным – 1914-1919 жылдар. Оқытушы – Уфа қаласынан қашып шыққан Шакиров секілді семинаристер, Омбыда, Керекуде оқыған Әбжанов сияқты қазақ жастары. Беретін сабақтары – орыс тілі, орыс әдебиеті, тарих, география, математика. Дегенмен, жақсы оқу, терең білім алу тек революциядан бері қарай күшейді.

АТАҚТЫ ӘНШІ МАЙРАНЫҢ ҮЙІНДЕ ТҰРЫП ОҚЫДЫМ

Мен Керекуге барып, алты айлық мұғалімдер курсында оқыдым. Ол кездегі үлкен мәселе сауатсыздықты жою еді. Мәшһүр Жүсіптің баласы Әмен қалалық партия комитетінде істейді. Мені атақты әнші Майраға апарып, «Осы баланы қолыңа ал, бір бөлменді бер, сонда оқып, білімін күшейтсін», – деді. Майра оған қарсы болған жоқ. Екі қабатты ағаш үйінің бірінші қабатында тұрған кішкене бөлмесін көрсетіп, «Осында тұрсын», – деді. Мен сонда тұрып оқыдым. Кей күні Майра мені жоғарыдағы балконға шығарып, домбыра тартып, ән салатын.

Мұғалімдер курсы бітірген соң, 1920 жылы мені Далба болысына мұғалім етіп жіберді. Бұл – Баянауыл ауданындағы ең қызық болыстың бірі, ескі аңызды көп білетін қариялар өте көп. Жәпектің Сүлеймені, Бұғыбай, Жаяу Мұса... Бұғыбайдың үйінде бала оқытып жүргенімде оның үйіне қариялар, әншілер жиналып, толқынды, әдемі әндерді төгілтіп айтатын.

Мен Бұғыбайдың үйінде жатқанымда даладағы мектептерді аралап көріп жүрген Әбікей Сәтбаевты кездестірдім. Әбең менің баланы қалай оқытып жүргенімді көру үшін сабаққа қатысты. Класс іші жарық, балалардың киімі де таза, олардың берген жауабы да сондай ашық-жарқын еді. Әбең қатты риза болды. Ол кісінің маған айтқаны: «Сен бала оқытумен қалмай, өз біліміңді де күшейт, күзге қарсы Семейге кел, техникумға түсірейін».

1921 жылы күздігүні Семейге бардым. Әбең мені жаңадан ашылып жатқан техникумға түсірді. Онда бес жыл оқып, 1925 жылы мамыр айында бітірдім. Техникумда оқытушылар Томскіден, Омбыдан, Қазан университетінен, Ленинградтан келген ылғи оқымысты, тілді жүйрік білетін адамдар болды.

МҰХАҢМЕН, МҰХТАР ӘУЕЗОВПЕН ДОСТЫҒЫМ

Мұхаң, Мұхтар Әуезов техникум директоры Әбікей Сәтбаевпен көп әңгімелесіп, әдебиетті көркейту жағын әңгіме етіп отыратын. Бір күні Әбекең: «Осында Баянауыл ауданынан бір бала оқиды, Абайды, өзге қазақ кітаптарын тегіс жатқа біледі», – дейді. Содан Әбең мені Мұхтармен кездестірді.

Ауылда қазақ мектебінде оқып жүріп Қазаннан шыққан қазақ кітаптарын, Абай кітабын, Мәшһүр Жүсіптің қолжазбасын жатқа үйренгенімді баян еттім. Мұхтар мені үйіне шақырып, Абайдың жырларын тыңдады. Мәшһүр Жүсіптің жазуындағы «Көрұғлы» жырын түгел жатқа айтып бердім. Осыдан кейін Мұхтармен дос бола бастадық.

Менің Мұхтармен аса жақын болған кезім 1922-1925 жылдар кезі еді. Ол кезде Мұхтар Семейдегі педтехникумда, мұғалімдер курсында, мектептерде қазақ әдебиетінің тарихын оқытатын. Семейде Мұхтардың көп істеген жерінің бірі – «Қазақ тілі» газетінің редакциясы, онда әдебиет бөлімін басқаратын. Мен бұл газетке 1923 жылдан жаза бастадым. Ең бірінші мақалам «Ақмола облысының сот басқармасына» деп аталды.

1925 жылы Мұхаңның маған айтқаны: «Сен Семейде қалма, менімен бірге Ленинградқа жүр, сол арада жоғары білім алып, ғалым болудың жолына түс». Мұхаң ол кезде Ленинград университетінің «Факультет общественных наук» деген бөлімінде оқитын. Маған Семейдің кәсіподақ ұйымынан рекомендация алып берді.

ЛЕНИНГРАДТА. ОҚЫМЫСТЫ ҒҰЛАМАЛАРДЫҢ ДӘРІСІ

Тамыздың аяғында оқуға түсу үшін Ленинградқа келдік. Семейден еріп шыққан жолдасымыз Мұхаммед Хабибуллин бізбен бірге болды. Ол – Ленинградтың ІІ курсына оқитын студент, кейін көп оқыған талантты инженер болды. Ленинградта өзімізге қолайлы пәтер тауып, екі жылдай сонда тұрдық. Бізге берген екі бөлменің біреуінде Мұхтар жеке, ал екінші бөлмеде Мұхаммед екеуіміз тұрдық. Екі жыл өткен соң (1927 ж.) Декабристер көшесіндегі 15-үйден бір кең, өзі арзан пәтер тауып, сонда шықтым. Ол жер Күншығыс институтына, әрі университетке өте жақын еді. Үйдің бөлмелері кең болған соң, аз уақытта Мұхтар да сол үйге әйелі Валентина Николаевнаны ертіп көшіп келді. Алдындағы үйде тұрғанда пәтер ақысын жалғыз Мұхтар төледі. Ол кезде Мұхтар «Қарагөзге» сыйлық алып, еркін тұратын. Жарты жылдан кейін өзім де мақалалар жазып, орыс тілінен аудармалар шығарып, ақшам көбейе бастады.

Мені Семейден Герцен атындағы педагогика институтына жіберген еді. Ол институттың ғылыми-зерттеу ісі болмаған соң, Құншығыс институтының түркология бөліміне түстім. Құншығыс институтында оқытылатын дәрістер көбінесе ЛМУ-дың тарих-филология факультеттерінде ерекше бағаланатын. Сондықтан «екеуін қоса тыңдау пайдалы» деді. Мен солай істеп, ЛМУ-ге (Ленинград мемлекеттік университеті) жазылып, бірге тыңдап жүрдім. Профессорлардың барлығы – ірі оқымысты ғұламалар.

Дәріс оқыған әйгілі ғұламалардың ішінде дүниежүзілік әдебиетке жарқын үлес қосқан В.В.Бартольд ерекше еді. Орта Азия елдерінің тарихы мен мәдениетін оқытатын оны университеттің барлық факультеттерінің студенттері келіп тыңдайтын. Бартольдтің тілі кекештеу. Алыстан дұрыс естілмейтін болған соң, университетке жарты сағат бұрын барып, жақын жерден орын алып жүрдім.

1928 жылы Өнер институтына жазылып, кешке жақын уақыт тауып, жыл бойы өнер тарихы мен теориясын тыңдап жүрдім. Бұл жылдың соңында Мұхтар үй ішімен Ташкенге көшіп кеткен. Мен пәтерде өзбек жазушысы Айбекпен бірге тұрдым. Бірге Өнер институтына барып жүрдік. Бұлардың барлығы алда жақсы

зерттеуші болуға ұмтылған жол еді.

Ленинградтың бір ерекшелігі – ол кісіні білімге тойғызатын. Онда мәдениет-білім орындары орасан көп, толып жатқан бай кітапханалар, көркем мұражайлар, бай мұрағаттар, қолжазбалар қоймасы т.б. бар. Олардың барлығы – білімнің қазынасы. Менің көп білім алған жерім – ең алдымен академияның кітапханасы, Салтыков-Щедрин атындағы кітапхана, академияның мұрағаты, Құншығысты зерттеу институтының кітапханасы, оның қолжазба бөлімі, толып жатқан басқа мұрағаттар. Бұларда Қазақстан туралы өте бағалы кітаптар, қолжазбалар жиі кездеседі.

Менің көбірек тоқталған жерімнің бірі – академияның мұрағаты, мұндағы ең қымбат білім жинақталған Шоқан Уәлихановтың мұрасы, И.Фальктің қыр-сахараны зерттеген мыңдаған жолдары (Записи путешествия по киргизской степи), академик Х.Д.Френнің мұрағаты. Х.Д.Френ – Азия мұражайын (кейін Шығыстану институтын) ашқан кісі. Мұрағатында қазақ материалдары орасан көп. Солардың ішіндегі ең қымбаттысы – Оразмәмбеттің күміс сандығында сақталған қазақ «кітапханасына» жазған кіріспе сөзі. Сол сияқты «Коллекция восточных рукописей», «Каталог восточных рукописей Азиатского музея». Осыларда Оразмәмбеттің күміс сандығында сақталып келген қазақ әдебиетінің бір топ қолжазбалары жайлы айтылды. Шоқанның мұрағатын 1920 жылы академияға әкеп тапсырушы – К.К.Гутковскийдің қызы. Бірақ Шоқанның Гутковскийге жазған хаттарын, екеуінің бірге түскен фотосуретін т.б. көп материалды тапсырмаған. Гутковскийдің пәтеріне екі рет барып, ешкімді кездестіре алмадым. Тағы да барып білу керек.



Қаныш Сәтбаев пен Әлкей Марғұлан. 1959 жыл

Ойды көп бөлген жер – Шығыстану институтының қолжазба бөлімі. Онда қазақтың тарихы мен фольклоры туралы материал орасан көп, бірнеше кітап жазып, ғылымға пайда келтіруге болар еді.

АЛҒАШҚЫ ЭКСПЕДИЦИЯ. ЗЕРТТЕУ ЖОЛЫНА ТҮСУ

Құншығыс институтының ІІ курсында оқып жүргенімде бір күні бізге сабақ беретін профессор С.И.Руденко келіп: «Биыл Маңғышлаққа Ғылым академиясынан бір үлкен экспедиция шықпақшы. Біз соған қатысамыз», – деді. КСРО Ғылым академиясы Қазақстанға шығаратын мұндай экспедициялардың саны бесеу еді. Олардың бәрін басқарушы академик А.Е.Ферсман болатын. Соның бірі – «Этнология экспедициясы». Оны басқарушы – профессор С.И.Руденко. Бұл – бірнеше бөлімнен құралған

үлкен экспедиция, қатысушылар – атақты ғалымдар, археологтар, антропологтар, этнографтар, өнер зерттеушілері. Оларды жақсылап ұйымдастырушы сол кездегі Қазсовнаркомның бастығы Нығмет Нұрмақов еді. Мен бұл экспедицияға 1926 жылдан 1930 жылға дейін қатыстым. Қаншама жаңалықтарға қанықтым, қаншама білім алдым.

Алтайдағы Қаратай наймандарын зерттеу кезінде далада қой бағып жүрген бір қарт қойшыға кездесіп, оның соншалық ағып тұрған шешен екеніне таңғалып, ардақты қарт қойшыдан отыз беттік атақты «Қабанбай» жырын жазып алдым.

1929 жылы Құншығыс университетін бітіріп, Қазақстанның оқу министрлігіне келіп, оның жанындағы Жаңа алфавит комитетінде қызмет ете бастадым.

1931 жылы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының (ГАИМК) аспирантурасына барып түстім. Академияның Орта Азия мен Кавказ бөліміне орнығып, мәдениет пен өнерді зерттеу жолына түстім. Аспирантурада басшы болған ғалымдар – А.Ю.Якубовский, С.Ф.Ольденберг. А.Ю.Якубовский «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпты академияның кеңесінде бекітті. Аспирантураны 1935 жылы бітіріп, содан кейін әрбір экспедицияның жұмысына қатысып, 1938 жылға



Батыс Қазақстандағы Сарайшық қаласына экспедиция. 1946 жыл

